

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№208

2014 жылғы 3 сәуір

«Ақтөбе облысын басқару сызбасы туралы» облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 18 маусымдағы №91 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабының 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты
Ш Е Ш І М Қ А Б Ы Л Д А Д Ы:

«Ақтөбе облысын басқару сызбасы туралы» облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 18 маусымдағы №91 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

Ақтөбе облысын басқару сызбасына енгізілсін:

1. «Ақтөбе облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі;
2. «Ақтөбе облысының кәсіпкерлік басқармасы» мемлекеттік мекемесі;
3. «Ақтөбе облысының мемлекеттік сатып алу жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

Ақтөбе облысын басқару сызбасынан шығарылсын:

1. «Ақтөбе облысының балалар құқықтарын қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесі;
2. «Ақтөбе облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Т. ТАЛАЕВА

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА